



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 39 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

2005 жылғы 5 желтоқсан

Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2005 жылғы қарашада мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	7 870,9	7 763,9
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	6 923,8	6 923,8
Алтын	947,1	840,1
Ақша базасы, млрд. теге	609,7	609,7
KZT/USD (кезең аяғында)	134,07	130,00
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	493,80	438,00

* 2004 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2005 жылғы қарашада Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 8,9%-ға (немесе 766,5 млн. долл.) төмендеді. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногында валюта сатып алуына, Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсетуіне қарамастан, сондай-ақ Ұлттық қордың активтерін толтыру мақсатында валюта сату таза валюта қорларының (ЕАВ) 809,9 млн.долларға азаюына әкелді. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 4,5%-ға өсуі нәтижесінде 43,4 млн. долларға көбейді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 9,4%-ға, ЕАВ-мен таза активтер – 10,5 %-ға төмендеді, алтынмен активтер 0,3%-ға өсті.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 6 172,3 млн. долл.) қоса алғанда 14 046,3 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі 3,1 % болды.

2005 жылғы қарашада Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің азаюы ақша базасының 4,8%-ға (немесе 31,0 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.